

"Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 110 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2007 жылғы 23 шілдедегі N 195 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 16 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4874 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 189 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.06.2016 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік мәдени ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау өткізуді нақтылау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 110 бұйрығына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 4633 болып тіркелген) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

осы бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерінде:

6 - т а р м а қ т а :

3) тармақшасында "әңгімелесу" деген сөзден кейін "(тыңдау, байқау)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А. Бөрібаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н
атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК